



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Список литературы:

1. Бектурганова Р.Ч. Великий ученик великого учителя//Учительская плюс. 2019. № 3. 10 с.
2. Абзалова С.С. Формирование коммуникативных компетенций учащихся на уроках истории и обществознания // Теория и практика образования в современном мире: материалы Международной научной конференции (г.Санкт – Петербург, февраль 2012 г.) Спб.: Реноме, 2012. 138–140 с.
3. Балмуханова М.М. Возможности использования личностно – ориентированного обучения // История Казахстана: преподавание в школах и ВУЗах. 2014. №2. 3–7 с.

ӘОЖ 37.034

БІЛІМ ОРДАСЫНДАҒЫ ҰЛЫ ПЕДАГОГ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҮНДЕСТІГІ

*Нуркина Сауле Тоғайбаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, сарапшы
Крикпенова Гульмира Талғатовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім
Есимсейтова Гулим Ақыбаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №19
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: saule.nurkina.81@mail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада ағартушы Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің халықты білімге, оқуға шақырудағы ағартушылық жолы баяндалады. Осы жолда еткен ерен еңбектері және жазылған шығармаларының өзектілігі негізге алынды. Мақалада қараңғы халықты ояту тақырыбы Ыбырай мен Спандиярдың байланысы келтірілген. Мақалада қазіргі таңда маңызды және өзекті болып табылатын тарихпен байланыс жасалған. Ыбырай арманын орындаған шәкірті Көбеевтің ұстазы туралы пікірлері және атқарған жұмыстары салыстырыла отырып жазылды.

***Түйінді сөздер:** әдеби мұра, ағартушы, шығарм, педагог, білім.*

Аннотация

В этой статье рассказывается о пути просвещения Ибрая Алтынсарина и Спандияра Кобеева в призыве населения к знаниям, обучению. За основу были взяты его пройденный труд на данном пути и актуальность его произведений. В статье упоминается связь между Ибраем и Спандияром на тему пробуждения необразованного народа. В статье прослеживается связь с историей, которая сегодня является важной и актуальной. Сопоставлялись отзывы Кобеева, ученика, исполнившего мечту Ибрая, о своем учителе и о выполненных работах.

***Ключевые слова:** литературное наследие, просветитель, литературные произведения, знание, образование.*

Abstract

This article presents data about Ibray Altynsarin's and Spandiyar Kobeyev's way of education in calling the population to knowledge and learning. Relevance of his works and his a long way to go were taken as a basis. The article mentions the connection between Ibray and Spandiyar on the topic of awakening an uneducated people. The article traces the connection with history, which is important and relevant today. Kobeyev's reviews, a student who fulfilled the dream of Ibray, about his teacher and about the completed works were compared.

***Key words:** enlightener, literary works, literary heritage, knowledge.*

Білім беру өте күрделі процесс. Ауыз түйіп айтқанда оңай естілгенімен оның астарында қиын – қыстау кезеңдер мен ерен еңбектер жататынын біреу білсе, біреу біле бермес. Осы жолда күресіп, тер төккендер қаншама. Солардың қатарынан Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбеев сынды ағартушыларды көре аламыз. Ыбырай қазақ халқының ертеңі үшін күресіп, алғаш мектеп ашумен қатар ұлтты білімге шақыратын отты өлеңдерін де жазды. Жетімдікті көріп, атасы Балғожаның тәрбиесімен сусындап өскен Ыбырайдың ғұмыры білім іздеумен өтті. Осы орайда өмірлік мектебі қазақ мектебіне деген еңбегімен өтті. Ыбырайдың осы жолын жалғап, жазушылықты жанына серік еткен Спандияр Көбеев туралы да айтылмаса болмас. Ағартушылық қызметті мақсатына айналдырып, оқу – ағарту ісіне де өз үлесін қосты. Ыбыраймен тағдыры үндес келіп, өмір жолында да ізін жалғастырушылардың бірі болды. С.Көбеев педагог – жазушы, аудармашы. Ол өз ұстазы Ы.Алтынсарин негізін қалаған қазақ әдебиетіндегі демократиялық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырды. С.Көбеев 1878 жылы бірінші қазанда Қостанай облысы Мендіқара ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келген. Спандиярдың

әкесі Көбей мұсылманша хат таныған, қол – өнерімен күн көрген адам болған екен. Шешесі Айтбоз өте қайратты, ақылды, ауылдың ортақ анасы болған көрінеді Көбей балаларын оқытуға көбірек көңіл бөлді. Жанұяларында жеті ұл, бір қыз болған. Бірде әкесімен Сауытбай ауылындағы тойға барған Спандияр Ыбырайды көреді. Оқу инспекторы бұл ауылда мектеп ашу ісін көтереді. Әуелден балаларына білім беруді армандап жүрген Көбей тоғыз жасар баласы Спандиярды молдаға оқуға берген екен, кейін 1887 жылы Сауытбай ауылында Ы.Алтынсариннің ашқан мектебіне ұлы педагог – ағартушы Ыбырайдың көмегімен орналастырады. Ол 1892–1895 жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте және 1895–1897 жылдары Ы.Алтынсарин ашқан Қостанайдағы екі кластық орыс – қазақ мектебінде білім алады. Болашақ педагог – жазушы оқуды жалғастырып, мұғалім болуды армандайды С.Көбеев енді Қостанайда ашылған екі жылдық педагогикалық курсқа түсіп оқиды, 1901 жылы педагогикалық курсты бітірген соң Ы.Алтынсариннің жолын қуып, ұстаздық жолын Ырғыз уезіндегі Торғай болысына қарайтын Кеші деген жерде бастады.

Шөлдесең, сусын болар көлдер қайда?

Қарын ашса, тамақ болар жерлер қайда?

Қаңғырып, жүдеп – жадап жүргенінде,

Сипайтын маңдайыңнан ерлер қайда?

Жетімнің тағдыры туралы ойдың халық тағдырына ауысуы осы шумағынан анық көрінеді.

Төңкеріліс жылдары «Бақытсыздардың бір күні» атты роман жазады, бірақ аяқталмаған күйінде роман қолжазбасы жоғалып кетеді. Кейін «Қазақ кегі», «Қазақ ауылындағы тұңғыш мектеп» атты шығармалар жазбақ болады. Алайда денсаулығының нашарлауына байланысты оларды жаза алмайды. Сөйтіп өмірін оқытушылыққа арнап, жазушылық жұмыстан ұзақ уақыт қол үзіп қалады. Жарастықты отбасының үлгілі тәрбиесі болашақ педагог – жазушының мінез – құлқының қалыптасуына да әсер еткен. Болашақ педагог – жазушы өзінің өмірлік мұратын мұғалімдікпен ұштастырады. «Ыбырайдың өлімі менің оқытушы боламын деген ынта – ниетімді біржолата баянды етіп бекітті», – дейді. Сол ниетпен Орынбордағы оқытушылар семинариясына түсуге талаптанады да, оның сәті түспей қалған соң Қостанайдағы екі жылдық педагогикалық курсы мұғалімдікке жол ашады. Курсты 1901 жылы бітіріп, бастауыш мектепке мұғалімдік құқық алады.

Спандияр Көбеев 1939 жылы оқу – ағарту саласындағы ұзақ жылдық қызметі үшін Ленин орденімен марапатталады. 1944 жылы «Қазақ КСР-ына еңбегі сіңген Мұғалім» деген құрметті атақ беріледі. 1947 жылы Қазақ КСР жоғарғы Советіне депутат болып сайланады. 1949 жылы екінші рет Ленин орденімен марапатталады.

Бұдан көрініп тұрғанындай, Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің саналы ғұмыры елді оқуға шақырту мен ағартушылық бағытпен өтті. Екі қаламгер де қазақтың қамын ойлап, ұлт үшін күрескені белгілі, өмір жолынан байқағанымыз екеуі де ең алғашқылардың бірі болды. Ыбырай Алтынсарин ең алғаш қазақ мектебін ашса, Спандияр Көбеев қазақтың тұңғыш романын жазды. Ыбырайды шәкірті болып қана қоймай, Спандияр Көбеев ағартушылық жолын ұстанып, ұстазының арманын орындады. Халықты бөліп жармай, ұл болсын, қыз болсын барлығының да бірдей білім алуға тең құқылы екенін ескеріп олардың мектепте оқуына себепкер болды. Ыбырайға атасы Балғожа бидің сөздері, үміті әсер етсе, Спандиярдың оқу – ағарту ісіне келуіне, Ыбырайдың тәлімін алуына әкесі Көбей себепкер болғанын көріп отырмыз. Спандияр Көбеев қазақ әйелінің теңсіздігі туралы өзінің шығармаларын жазып, әйелдер қауымын да білімге шақырды. Ыбырай Алтынсарин қазақ қыздарына арнап та арнайы мектеп ашты, осылайша әр халықтың, әр елдің бір – бірімен тең болуын қалады. Бұл әрине тарихта орын алған елеулі жағдайлардың бірі болды. Егер өткенге үңілетін болсақ, бүгінгі күнгі тәуелсіз еліміздегі еркін, тең құқықты білім алуға тікелей әсер еткенін байқаймыз. Мүмкін алғашқы қазақ мектептері ашылмағанда, одан кейінгі ұрпақ тәлім алмағанда қазіргі білім жүйесі кешеуілдейтін де ме еді, кім біледі... [1, б. 7].

С.Көбеевтің кез келген туындысынан оның ағартушылықты мақсат тұтқан ниетін айқын аңғаруға болады. Жазушының балаларға арнаған мысал өлеңдері мен әңгімелерінің басты нысанасы осы мақсатпен тығыз байланысты. Қаламгердің бала психологиясын жете меңгергендігін аудармалары да, төл туындылары да танытады. Ыбырай мектебінде оқыған, оның хрестоматиясы үлгісімен еңбек жазған, қысқасы, қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымының жолын қуған С.Көбеевті балалар әдебиетінің анық қамқоршысы демесе еш негіз жоқ. Ильминскийге арналған бір хатында (1876, 3 желтоқсан) «Хрестоматияға» мысалдарды (басни) енгізгім келмейді» деп жазған. Ы.Алтынсарин шығармашылығынан С.Көбеев еңбегінің ерекшелігі сол, ол қазақ балалар әдебиетіне мысал жанрын саналы түрде енгізді, мысалдарды өлеңмен де, қарасөзбен де аударды, бала ұғымына лайықтап жазды.

«Ұстаз болып, өз халқыма қызмет ету осы жұмысқа өз өмірімді арнау мен үшін үлкен бақыт» – дейді. Ол сөзінде тұрды өмірінің соңғы күндеріне дейін қол үзген жоқ. Спандияр жалаң мағынасындағы ұстаз болған жоқ, қоғамдық ағартушылықты биікке көтере жүргізді. 55 жыл бойы 55 мың минуттан астам сағатта бала оқытып, өзінше пайымдаған бақытқа ие болды. Жасынан Ыбырайдың ағартушылық, ұстаздық жолын үлгі тұтқан Спандияр балаларды Ыбырай әдісімен орысша оқытады. Өз ұстазына еліктеген Спандияр ұстазының педагогикалық ағартушылық идеясын жүзеге асыра

бастайды. Бос уақытында ауыл адамдарын жинап, оларға табиғат, география, тарих сияқты ғылым негіздерінен түсінік береді, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен әңгімелер айтып отырады. [2, б. 5]

«Мен Пушкин, Лермонтов сияқты ақын – жазушылар шығармаларының мазмұнын айтып түсіндірді, әсіресе Крыловтың мысалдарын көбірек оқып, аудардым» – дейді, сөйтіп ол орыс әдебиетімен мәдениетінің белгілі насихатшысы болады. Ол аударма арқылы қазақ оқушыларына игі ой салу мақсатын көздеді. С.Көбейұлы Абайдың, Ыбырайдың негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеясын әрі қарай жалғастырады. Жазушы аңдарды, құстарды, өсімдіктерді адам бейнесінде суреттей отырып, сол кездегі теңсіздікті, үстемдік, жағымсыз қылықтарды өлтіре әшкерлеп, халықты, әлсіздерді жақтайды, зорлық жасамауды уағыздайды. Қай елдің қай дәуірдің әдебиеті болмасын, жалпы әдебиет тарихы дәстүрмен жалғасудың, дәстүрмен жаңашылдық тарихы. В.Белинский айтқандай, әдебиетте көктен түсетін нәрсе жоқ, белгілі бір құбылыс, екінші құбылыстың жалғасуы мен жаңаруы т.с. Мәселен, оны тек байқай және бағалай білуде. Осы сөзде үлкен мән жатыр. Спандияр Ыбырайдың тура жолын жалғастырушысы, шәкірті. Жазушы Спандияр Көбеевтің шығармашылық өмірі әдебиетіміздің тарихында оның арғы – бергі кезеңдерін бір – бірімен шебер жалғастырудың, әдебиет теориясының тілімен айтсақ, әдебиеттегі дәстүр мен жалғастықтың әрі жаңашылдықтың бір сәтті үлгісі осы емес пе? Спандиярдың алдымен ауылдық мектепте, кейін мұғалімдік курста оқып, бітірген соң алыс ауылға ұстаздық мақсатпен кетуінің өзі алдағы ағартушылық дәстүрге (Алтынсариннен қалған) адалдығының айқын белгісі еді. [3, б. 12]

Ұлы – ағартушы – демократтар Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаевтың көздерін көрмесе ұлағатты сөздері – шығармаларымен сусындап, олардың ұстаздық ісін, ақындығымен аудармашылығын ХХ ғасырдың басында азаматтық жүрегімен қабылдап алып жемісті жалғастырған қазақ халқының аса талантты перзенті болған, қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын тарландардың бірі Спандияр Көбеевтің есімі қашан да болсын уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өзінің туған халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан – тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Абай мен Ыбырай және Ыбырайдың шәкірті Спандияр қазақ халқының сауат ашуына, педагогикалық жағынан құнды әдістер қалдыруына, өздерінің жан – жақылығымен балаға деген сүйіспеншіліктерінің арқасында оқу үрдісіндегі рөлдері өте – мөте ерекше. Әрбір Ұлы адам адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып «жол болсын!» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын, биіктей, мән – маңызы мен қадір – қасиеті арта түседі. Абай мен Ыбырай және Спандияр қазақ ағартушыларымыздың демократиялық мәдениетімізді қалыптастырып дамытудағы алатын орны мен сіңірген еңбектері өте зор. Дәл осы ағартушылардан бастап құлазыған меңіреу даланың әр жерінен ғылыми – философиялық, демократиялық және поэзиялық мәні терең, тамаша ой – пікірлер жалт етіп көрініп, жауқазындай өмір сүре бастады, далаға жаңаша үн, тың леп келді.

Абай мен Ыбырай және шәкірті Спандиярдың шығармалары бір – бірімен үйлесіп отыр. [3, б. 14]

Үшеуі де дүниеге ағартушы болып келді. Өмір жолындағы негізгі қызметі ағартушылық болған Ыбырай қазақ балаларын тұңғыш рет зайырлылық бағыттағы мектепте дүниәуи пәндерді оқытатын мұғалім ретіндегі алғашқы дәрісін өлеңмен бастағанда, бүкіл жан дүниесімен тебіреніп тұрып, алдымен аузына алласын алады.

Бір Аллаға сыйынып,
Мұнтаздай боп киініп.
Ұстаздарға иіліп,

Кел, балалар, оқылық, – деген жолындағы сөзін айта отырып, тарихи іске Алланың жар болуын тілейді, жасөспірімдерге сол ойды ұғындырмақ болған.

Істің болар қайыры,

Бастасаңыз аллалап, – деген сөздер осының дәлелі. Бұдан әрі ұстаз жас шәкірттерінің жаңа есейіп келе жатқан ақыл санасы жетер деңгейден толғап, адам өміріндегі пайдасын түсіндіреді: Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегінің алдыңнан

Іздемей – ақ табылар

Абай Құнанбаевтың да өмірлік мұраты ақындық еді ғой. Сондықтан алғаш рет айтар ойын өлеңмен жеткізбек болғанда, ол да алдымен алланы ауызға алады:

Патша Құдай, сыйындым,

Тура бастап өзіңе...

Арғын, Найман жиылса

Таңырқаған сөзіме

Қайран сөзім қор болды

Тобықтының езіне...

Осы өлең жолдарында болашақ ұлы ақын Абайдың бүкіл бейнесі тұр. Ары бармай – ақ, оның ағартушылық қабілет көруге болады.

Ал, шәкірт Спандияр «Мектепке шақыру» деген өлеңде:

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,
Мәз болмай деген сөзге, мырза ерке,
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,
Зат емес, надан кісі алар текке.
Ертеңгі шақыруымен өтеш құстың,
Халықтар кетіп жатыр егіндікке.
Күн шығып, терезеге сәуле түсті,

Тұрыңыз, жарамас тек уақыт өтсе, – деп, тым әсерлі, жұмсақ сөздермен ұйқысынан оятып, баланы мектепке кетуіне дайындайды. Ата – ананың балаға деген мейірімін, шын ықыласын білдіреді. Өлеңнің осылай басталған жалғасы бұдан да әсерлі сөздермен баланың ой санасына қозғау салады. Бал жинаған ара мен қалбандап ұшқан көбелек те, жүрген аң да, ұшқан құстың бәрі де әрекет үстінде. Бәріде тыным таппай қажетіне жарайтын мүлікті іздеп табу қамында, өз 7 міндетін атқаруда деп, жанды теңеулермен салыстырулар арқылы баланы оқуға өнер – білім жолына қызықтырады. Баларды сауат ашуға үндейді және Ыбырай мен Абай сияқты аузынан алланы алуын ұмытпайды. Осыған орай «Айқап» журналында сауалдарға жауап деген бөлімінде сауалдарға былай деп жауап береді. Сұрақ: «Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?» жауап: Адамға тіршіліктің ең керегі алланы тану үшін. Сұрақ: «Ең жақсы адам не қылған кісі?» Жауап: Алланы таныған ең жақсы кісі болу керек делінген. Осы жерде үшеуінің де әр түрлі қоғамда өмір сүруіне қарамастан, бір бағытта жұмыс жасап ағартушылыққа, алланы тануға, білімге шақыруға көп ұқсастық, бірегейлік, үндестіктер бар. [4. б. 196]

С.Көбеев мұғалім беделін көтерудің төмендегідей үлгілерін ұсынады:

- Қоғамдық жұмыстарды белсенді атқару қажет.
- Педагогика ғылымын егжей – тегжейлі білуге міндетті.
- Мұғалім өз пәнің өте жақсы білуімен қатар, басқа пәндерден хабардар болғаны жөн.
- Ол сыныптың құрамын, әр баланың жеке бас ерекшелігін зерттеп үйренген дұрыс.
- Балалар ұжыммен қоян – қолтық араласып, оларға талаптар қойып, олардың орындалып отыруын бақылауға міндетті.
- Мұғалім жүріс – тұрыс, киген – киімі, сөйлеген сөзі арқылы үлгі болуы керек.
- Мұғалім баланы жақсы көру қажет.

Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушыларының атамыздың әдістерімен, шығармашылығымен С.Көбеевтің өзіндік бір педагогикалық идеясын ұстанғанын байқадық. Өлеңдерін талдай отырып, оқығанда жазушының астарлап айтқан аудармалары бүгінгі қоғамға пайдасын тигізеді деп ойлаймын. Бұл жөнінде С.Көбеев «Орындалған арман» атты мемуарлық кітабында өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі жайында жаза отырып «кез келген адам ұстаз болмауы керек, оны жүреппен ұғатын, бар күш жігерін аямайтын, балаларды жүрегімен сүйетін жан болу керек деген». Атамыздың осы сөзіне көңіл бөлер болсақ, қазіргі заманда мектеп бітіріп оқуға түсетін жастарымыз көп жағдайда мамандық таңдауда жүрек қалауларымен келмейтіндіктерінде жасырын емес. Сондықтанда колледж ұжымы мұғалім мамандығына жастарды дайындайтын, мамандықтың сырын түсіне білетін жастарды алу мақсатында үздіксіз білім беру жүйесін қолға алды. Көбеев идеясын жалғастыруда Мысалы: 9 сынып негізінде оқушыларға білім беріп, болашақ мұғалімдік мамандыққа бағыттайды, кәсіби білім бере отырып, ауыл мектептері үшін сапалы маман дайындауға күш салады, ЖОО гуманитарлық институтта мамандық бойынша қысқа мерзімде жоғары білім алады. Қазақ әдебиеті саласында қалдырған осы тәрізді бағалы мұралары арқылы Спандияр Көбеевтің есімі қазақ әдебиеті тарихында қашанда құрметпен аталады. Спандияр Көбеевті тану тек халықтың, қоғамның, ғылымның ғана міндеті емес, оны оқып үйрену өзін мәдениеті, білімді санайтын әрбір азаматтың парызы, оның ұлттық көркемдік түсінігін тәрбиелеумен өсудің бірден – бір құралы. Шығыс мақалында, былай дейді: «егерде есімің өмірде мәңгі сақталсын десең адам тәрбиесімен айналыс». С. Көбеев те барлық ғұмырын балаға арнаған. Және шығармаларында үлкен тәрбиелік мәні бар өшпейтін маңызды, құнды ғибратты мұрасы жатыр. Сол себепті де оның есімі мен ісі бүгінгі ұрпақтың жадында мәңгілікке сақталуы қажет. [4, б. 271]

Бүгінгі күні ашылған түрлі бағыттағы мектептер, білім алу ошақтары әрбір адамға тең. Бұл заңдылық сонау XIX ғасырдың басынан басталғаны белгілі, ендеше осындай ұлы тұлғалардың ғибратты ғұмыры әрқайсымызға үлгі боларлықтай. Өзінің жаны үшін емес, халықтың қамы үшін деп жүріп талай күшін сарп етті. Басына келген қиындықтарға мойымай, қараңғы қазақты көзін ашамын деп елеулі еңбек еткен тарихи тұлғаларға қашан да басымыз июлі.

Ұлы педагог – жазушылардың ағарту – педагогикалық мұраларының қазіргі кездегі білім саласындағы маңыздылығы өз құнын жоймайды, жойған жоқ. Халқының бақытты болашағын арман етіп, сол игі мақсатта теңдесі жоқ елеулі еңбек етті. Қазақ даласында надандық пен қараңғылықты алғаш рет дүр сілкіп, қатты тойтарыс берген, озық өнер мен өмірлік білімнің тұңғыш ұрығын шашқан

Ыбырай өз еңбегінің нақты жемісін онша көре де алмай, творчестволық күш – жігері әбден толысқан, кемелденген кезінде, алдағы күніне зор үміт артумен, өзі бастаған ұлы істің өлмейтіндігін айқын сезінумен өмір жолын аяқтады. Бірақ ұлы ағартушылардың жаққан білім шамшырағы қазақ халқының жүрегінде мәңгілік жарқырап тұра бермек.

«Туған елге пайдалы іске қолдан келгенше үлес қосу – әрқайсысымыздың міндетіміз», – деп ұлы педагогтың өзі айтып кеткендей, Ыбырай Алтынсариннің бізге, жас ұрпаққа қалдырған мұрасын баға жетпес байлығын өзімізнен кейінгі келешек ұрпақтың санасына сіңірsem, Ыбырай Алтынсарин айтқандай, «Мектептің жүрегі» бола алсақ, ұстаздар қауымының мақсатының орындалғаны, еңбегінің ақталғаны.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кобеев, Спандияр // Казахстан. Национальная энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. Т. III. ISBN 9965 – 9746 – 4 – 0.
2. Кобеев Спандияр (1878–1956). Костанайская областная универсальная научная библиотека им. Л.Толстого.
3. Жақсанов О., Ыбырайдың жолын құған зерделі шәкірт// Қостанай, 2008 11 қараша 7 б.
4. Көбеев С., Орындалған арман, А., 1988, 271 б.

УДК 37.026

ИДЕИ И.АЛТЫНСАРИНА В ФОРМИРОВАНИИ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ СПЕЦИАЛЬНОГО КОМПЛЕКСА НА УРОКАХ РУЧНОГО ТРУДА

Нурханова Шолпан Адильбековна
педагог – модератор, учитель – дефектолог
E – mail: sholpannur – 1994@mail.ru
Бисахалова Лейла Нурлановна
педагог – модератор, учитель – дефектолог
E – mail: bisahalova – leila.n@mail.ru
КГУ «Костанайский специальный комплекс
«детский сад – школа – интернат» для детей
с особыми образовательными потребностями №2»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Актуальность и цель. В специальной образовательной среде важным вопросом всегда остается национальное воспитание. Дети с особыми образовательными потребностями должны иметь представление о культуре, обычаях народов их Родины. Начало национального воспитания закладываются еще в школе. Мы, педагоги специального комплекса, взяв за основу идеи И.Алтынсарина, решили объединить уроки ручного труда и овладение ценностей национального воспитания.

Ключевые слова: И.Алтынсарин, труд, национальное воспитание, дети с особыми образовательными потребностями.

Аңдатпа

Өзектілігі мен мақсаты. Ерекше білім беру жағдайында ұлттық тәрбие қашанда маңызды мәселе болып қала береді. Ерекше білім алуды қажет ететін балалардың өз Отанындағы халықтардың мәдениеті мен өдет – ғұрыптары туралы түсініктері болуы керек. Ұлттық тәрбиенің бастауы мектепте қаланады. Біз, арнайы кешен мұғалімдері, И.Алтынсариннің идеяларын негізге ала отырып, қол еңбегі мен ұлттық тәрбие құндылықтарын меңгерту сабақтарын ұштастыруды жөн көрдік.

Түйінді сөздер: И.Алтынсарин, еңбек, ұлттық тәрбие, ерекше білім беруді қажет ететін балалар.

Abstract

Relevance and goal. In a special educational environment, national education always remains an important issue. Children with special educational needs should have an idea about the culture and customs of the peoples of their homeland. The beginning of national education is laid at school. We, the teachers of the special complex, taking as a basis the ideas of I. Altynsarin, decided to combine the lessons of manual labor and the mastery of the values of national education.

Key words: I. Altynsarin, labor, national education, children with special educational needs.

И.Алтынсарин – это великий казахский просветитель, педагог. Просветительская деятельность И.Алтынсарина была направлена на воспитание у казахского народа духовности, патриотизма, знания своей культуры, языка, основ науки. Для этого он открывал школы, создавал учебные